

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2013 жылдың 10 маусымындағы
№ 85 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2013 жылдың 01 шілдесінен бастап
қолданысқа енгізілді

Сауда-саттық жүйесімен қашықтан кіру тәртіптемесінде жұмыс жасау **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

2013

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2016 жылдың 17 мамырындағы № 52 отырыс зхаттамасы) бекітілді;
- 2016 жылдың 02 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі № 103 отырыс зхаттамасы) бекітілді;
- 2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) сауда-саттық жүйесіне қосылудың негізгі шарттарын және онымен қашықтықтан кіру тәртіптемесінде жұмыс жасау және осындай жұмыстың тәртіптемесін анықтайды.

1 бап. Негізгі қағидаттары

1. Осы Ережелерде қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:

- 1) **"Биржа маклері"** – қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын биржа қызметкері;
- 2) **"интернет–клиент"** – Биржа мүшесіне DMA жүйелері арқылы берілетін өкімдерінің (клиенттік тапсырыстардың) негізінде, осы тұлғаның есебінен және мүддесінде сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасасуға Биржа мүшесімен келісім-шарт жасасқан, тұлға;
- 3) **"интернет–провайдер"** – Интернет желісіне рұқсаттама бойынша телекоммуникациялық қызметтер көрсететін ұйым;
- 4) **"бақылаушы ұйым"** – сауда-саттық жүйесіндегі сауда-саттықтың барысы мен нәтижелерін қарауға құқығы бар, ұйым;
- 5) **"қашықтан кіру желісінің провайдері"** – "нүкте – нүкте" типті тікелей қосылу бойынша сауда-саттық жүйесіне кіруді ұсыну бойынша байланыс қызметтерін көрсететін, ұйым";
- 6) **"бағдарламалық терминал"** – сауда-саттық жүйесі терминалының бағдарламалық жасақтамасы;
- 7) **"қашықтан кіру тәртіптемесі"** – сауда-саттық жүйесін пайдаланушының (сауда-саттық жүйесінде белгілі бір іс-әрекеттер жасауға уәкілетті жеке тұлғаның) Биржада жеке қатысуын талап етпейтін, сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау тәсілі);
- 8) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған);*
- 9) **"сауда-саттық жүйесінің терминалы"** немесе **"терминал"** – қашықтан кіру тәртіптемесінде онымен жұмыс жасауға арналған сауда-саттық жүйесінің клиенттік бөлігі;
- 10) **"Сауда-саттық туралы ақпарат"** – биржалық сауда-саттықты өткізу барысында Биржаның сауда-саттық жүйесі нақты уақыт тәртіптемесінде генерациялайтын және ақпараттық мақсаттарда немесе сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасасу үшін DMA жүйелері арқылы берілетін ақпарат болып табылатын, ақпараттық өнім.
Сауда-саттық туралы ақпараты деп Биржа мәмілелер жасасуға қабылдаған өтінімдердің бағасы мен көлемі (саудаланатын құралдар саны) туралы деректер; жасалған мәмілелердің бағасы мен көлемі (саудаланатын құралдар саны) туралы деректер; сауда-саттық күнінің барысында және/немесе қорытындылары бойынша Биржа есептейтін және тізбесі Биржаның ішкі құжаттарында анықталған нарықтар индикаторларының мәндері туралы деректер түсініледі;
- 11) **"Сауда-саттық жүйесі"** – Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені;
- 12) **"Қатысушы"** – қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасауға құқығы бар, ұйым (заңды тұлға интернет-клиентті қоспағанда);
- 13) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған).*

2. Осы Ережелерде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Биржаның басқа ішкі құжаттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған ұғымдарға ұқсас.
3. Сауда-саттық жүйесіне қосылу тек қашықтықтан кіру тәртіптемесінде жұмыс жасау үшін ғана рұқсат етіледі:
 - 1) Биржа өткізутін сауда-саттыққа қатысушыларға (Биржа мүшелеріне);
 - 2) бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушыларына (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 3) бақылаушы ұйымдарға;
 - 4) DMA жүйесі арқылы интернет–клиенттерге;
 - 5) сауда-саттық жүйесін реттеуді, әкімшілендіруді, қызмет көрсетуді және қолдауды жүзеге асыратын Биржа қызметкерлеріне.
4. Осы баптың 3 тармағының 1)-2) тармақшаларында аталғандардың ішінен ұйым осы Ережелердің қосымшасындағы нысан бойынша өтініш берген жағдайда, қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс істей алады. Биржа көрсетілген өтінішті алған күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінен бастап осы ұйым қатысушы мәртебесін алады және ол осы Ережелердің 2 бабының 4-7-тармақтарында белгіленген ең төменгі техникалық және өзге де талаптарды сақтаған жағдайда, онымен қашықтан кіру тәртіптемесінде жұмыс жасау үшін сауда-саттық жүйесіне қосылады.
5. Бақылаушы ұйым ретінде қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс істегісі келетін ұйым осы Ережелердің қосымшасындағы нысаны бойынша өтініш беруге және бақылаушы ұйым ретінде қашықтықтан кіру тәртіптемесінде осы ұйымның сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасауіне Биржаның жазбаша рұқсатын алуға тиіс.

Биржаның көрсетілген рұқсатын алған күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінен бастап осы ұйым қатысушы мәртебесін алады және ол осы Ережелердің 2 бабының 4-7-тармақтарында белгіленген ең төменгі техникалық және өзге де талаптарды сақтаған жағдайда, онымен қашықтан кіру тәртіптемесінде жұмыс жасау үшін сауда-саттық жүйесіне қосылады.
6. Интернет-клиенттер сауда-саттық жүйесімен қашықтан кіру тәртіптемесінде олар мен оларға қызмет көрсететін, Биржа мүшелері арасындағы келісім-шарттар негізінде жұмыс істейді.
7. Биржа қызметкерлері сауда-саттық жүйесіне онымен қашықтан кіру тәртіптемесінде жұмыс жасау үшін Биржа Президентінің немесе оның орнындағы адамның жазбаша рұқсатымен қосылады.
8. Осы баптың 3 тармағының 1)-3) тармақшаларында аталған адамдар қатарындағы осы Ережелердің қосылу келісім-шартының күші болады. Мұндай тұлғаның осы баптың 4 және 5 тармақтарына сәйкес қатысушы мәртебесін алуы осы Ережелерде анықталған талаптармен жалпы келісім-шарт жасасуды білдіреді.
9. Бағдарламалық терминалға және сауда-саттық туралы ақпаратқа зияткерлік меншік объектілері ретінде айрықша құқықтар Биржаға тиесілі; қатысушыларға оларды пайдалану құқығы ғана беріледі.

Биржа қатысушыларға сауда-саттық туралы ақпаратты өз клиенттеріне тек DMA жүйелері арқылы және Биржада мәмілелер жасау үшін қажетті көлемде және құрамда ғана көрсету (демонстрациялау) құқығын береді. Сауда-саттық туралы ақпаратты кез келген басқа тәсілмен және кез келген басқа мақсатта тарату сауда-саттық туралы ақпаратты қайталап тарату болып табылады және нақты уақыт тәртіптемесінде тек қана Сауда-саттық

туралы биржалық ақпаратты ақылы негізде ұсыну шарттары туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

10. Қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау тәртібі Биржаның сауда-саттық залындағы жұмыс орнынан онымен жұмыс жасау тәртібіне ұқсас және сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау мәселелері бойынша (сауда-саттық жүйесін пайдаланушының нұсқаулықтары) түсіндірме-нұсқаулық сипаттағы Биржа материалдарымен сипатталады.

Ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-криптографиялық құралдарын пайдалану кезінде қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау ерекшеліктері қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау кезінде Ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-криптографиялық құралдарын пайдалану ережелерінде белгіленеді.

11. Осы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар, олар бекітілгеннен кейін 15 күннен ерте емес, қолданысқа енгізілуі мүмкін және қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс істейтін тұлғаларға осындай өзгерістер мен толықтырулар бекітілгеннен кейін дереу жеткізілуге тиіс (Биржаның интернет-ресурсында жариялау арқылы).

2 бап.

Сауда-саттық жүйесіне қосылу үшін минималды техникалық және өзге де талаптар

1. Қашықтықтан кіру тәртіптемесінде онымен жұмыс жасау мақсатында сауда-саттық жүйесіне қосылу үшін қатысушының (қатысушы болуға үміткерлердің) мынадай байланыс арналары болуы тиіс:

- 1) қашықтан кіру желісінің провайдері арқылы немесе интернет-провайдер арқылы Интернет желісі арқылы тікелей қосылу арқылы ұйымдастырылған, негізгі байланыс арнасы.

қашықтықтан кіру желісінің провайдерін тартпай, тікелей қосылу бойынша негізгі байланыс арнасын ұйымдастыруға бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға ғана рұқсат етіледі;

- 2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілгеннен басқа өзге интернет-провайдер - провайдер арқылы Интернет желісі арқылы ұйымдастырылған, резервтік байланыс арнасы.

Резервтік байланыс арнасын қатысушылар осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес ұйымдастырылған негізгі арна істен шыққан жағдайда қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау үшін пайдаланады.

2. Сауда-саттық жүйесіне қосылу үшін онымен қашықтан кіру тәртіптемесінде жұмыс жасау үшін Биржа орнатқан, IP мекен-жайлары қолданылады.

Негізгі және резервтік байланыс арналары бойынша қосылу үшін IP-мекен-жайлар мен порттар тізбесін (IP-мекен-жайларды және сауда-саттық жүйесінің терминалдарын және өзге де сервистерді автоматты жаңарту сервистерінің порттарын қоса алғанда), сондай-ақ осындай тізбеге өзгерістерді және/немесе толықтыруларды Биржа қатысушыларға (қатысушы болуға үміткерлерге) жазбаша нысанда береді немесе Биржаның интернет-ресурсында жарияланады (*осы абзац Биржа Басқармасының 2016 жылдың 17 мамырындағы шешімімен өзгертілген*).

3. Интернет желісі арқылы сауда-саттық жүйесіне қосылуға онымен жұмыс жасау кезінде ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-криптографиялық құралдарын пайдаланған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

4. Бағдарламалық терминал орнатылатын дербес компьютерде Core2Duo класынан төмен емес процессор, жедел жады құрылғысының сыйымдылығы кемінде 1 гигабайт болуы тиіс. Көрсетілген компьютерде Microsoft® Windows® XP немесе одан жоғары операциялық жүйе орнатылуы тиіс.
5. Сауда-саттық жүйесіне қашықтықтан кіру желісі провайдерін тартпай-ақ тікелей байланыс арнасы бойынша қосылу үшін бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның:
 - 1) осы баптың 7 тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс, Биржаның жайларына дейін қолданыстағы тікелей байланыс арнасы;
 - 2) терминалды сауда-саттық жүйесімен қосуды қамтамасыз ету үшін қажетті жұмысқа қабілетті телекоммуникациялық жабдық болуы тиіс.
6. Қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесіне қосылу үшін қатысушыға (үміткерге) қажет:
 - 1) қашықтықтан кіру желісі провайдерлерінің¹ бірімен немесе интернет-провайдермен келісім-шарт жасасу, оған сәйкес қатысушы (қатысушы болуға үміткер) өз терминалын (өз терминалдарын) сауда-саттық жүйесімен қосу мүмкіндігіне ие болады;
 - 2) осы баптың 7 тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген провайдерге дейін қолданыстағы тікелей байланыс арнасының болуы;
 - 3) терминалды сауда-саттық жүйесімен қосуды қамтамасыз ету үшін қажетті және сипаттамалары осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген провайдермен келісілген жұмысқа қабілетті телекоммуникациялық жабдықтың болуы;
 - 4) қатысушының (қатысушы болуға үміткердің) осы баптың 1 тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін, негізгі және резервтік байланыс арналарының болуын растайтын фирмалық бланкіде Биржаға хат жіберу керек.
7. Қашықтықтан кіру тәртіптемесінде онымен жұмыс жасау үшін сауда-саттық жүйесіне қосылған кезде байланыс арнасының өткізу қабілеті (қашықтықтан кіру желісі провайдері арқылы тікелей қосылу бойынша сауда-саттық жүйесіне қосылған кезде – CIR²) сауда-саттық жүйесінің бір терминалына есептегенде секундына 256,0 килобиттен кем болмауы тиіс:
8. Биржа қатысушыларға (қатысушы болуға үміткерлерге) қашықтықтан кіру тәртіптемесінде онымен жұмыс жасау үшін сауда-саттық жүйесіне қосылу тәсілін таңдау бойынша консультациялар береді.

Көрсетілген консультациялар Биржа қызметкерлерінің сол жерде кеңес беруі үшін баруын талап ететін жағдайларды қоспағанда, тегін беріледі. Мұндай жағдайларда Биржа қатысушылардан (қатысушы болуға үміткерлерден) өз қызметкерлерінің барғаны үшін шығыстарды өтеу ретінде ақы алуға құқылы.

¹ Қашықтықтан кіру желісі провайдерлерінің тізбесін Биржа анықтайды және Биржаның интернет-ресурсында жариялау арқылы танысу үшін қатысушыларға (қатысушы болуға үміткерлерге) беріледі. Қашықтықтан кіру желісі провайдерлерінің тізбесімен бірге қатысушыларға (қатысушы болуға үміткерлерге) қашықтықтан кіру желісін пайдаланудың жалпы шарттары туралы мәліметтер ұсынылады, олар Биржа әрбір жеке провайдермен бірлесіп жасайтын құжаттар болып табылады.

² "Committed information rate" ("ақпаратты берудің кепілді жылдамдығы") ағылшын сөз тіркесінің аббревиатурасы.

9. Бағдарламалық терминал, сондай-ақ оны орнату бойынша бағдарламалар және/немесе нұсқаулықтар қатысушыларға Биржаның интернет-ресурсында жариялау арқылы ұсынылады.

Бағдарламалық терминалды инсталляциялауды қатысушылар, қажет болған жағдайда, Биржа қызметкерлерінің консультацияларын ала отырып, өз бетінше жүргізеді.

Көрсетілген консультациялар, әдетте, телефон арқылы беріледі. Биржа қызметкерлері осындай кеңес берулерді орындарда ұсыну үшін барған жағдайда қатысушылардан өз қызметкерлерінің барғаны үшін шығыстарды өтеу ретінде Биржа ақы алуға құқылы.

10. Биржа жауапты емес:

- 1) қатысушының осы баптың 4-6 тармақтарында белгіленген талаптарды сақтамауы себебінен бағдарламалық терминалды орнату және іске қосу мүмкін еместігі үшін;
- 2) Қатысушының бағдарламалық терминалды дұрыс орнатпағаны және осындай қате орнатудың салдары үшін;
- 3) Қатысушының байланыс арналары мен телекоммуникациялық жабдықтарының жұмыс істемеу, қашықтықтан кіру желісі провайдерінің немесе Интернет-провайдердің жұмысындағы жаңылыстар, осы баптың 2 тармағына сәйкес тізбесін Биржа қатысушыларға ұсынатын IP-мекен-жайларға Қатысушы тарапынан желілік деңгейде рұқсаттаманың болмауы себебінен терминалды сауда-саттық жүйесімен қосуды қамтамасыз етудің мүмкін еместігі үшін (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2016 жылдың 17 мамырындағы шешімімен өзгертілген*);
- 4) Қатысушының осы баптың 4-7 тармақтарында белгіленген талаптарды сақтамауы себебінен сауда-саттық жүйесі терминалының жұмысындағы кідірістер үшін.

11. Бір Қатысушыдағы сауда-саттық жүйесі терминалдарының саны оның байланыс арнасының (арналарының) өткізу қабілетінің жеткіліктілігі және оның телекоммуникациялық жабдығының өнімділігі, сондай-ақ Биржада оның байланыс арнасының (арналарының) жеткілікті өткізу қабілетінің болуы шартымен шектелмейді.

Қатысушы әртүрлі терминалдарға қатысты сауда-саттық жүйесіне қосылудың әртүрлі тәсілдерін пайдалануға құқылы.

3 бап.

Айрықша шарттар

1. Бағдарламалық терминалдың жаңа буыны модификацияланған немесе әзірленген жағдайда Биржа оны қатысушыларға осы Ережелердің 2 бабының 9 тармағында белгіленген тәртіппен береді.

Қатысушыларға бағдарламалық терминалдың түрлендірілген нұсқасын берген кезде оны пайдалануға бергені үшін қатысушылардан төлем алынбайды.

Қатысушыларға жаңа буынды бағдарламалық терминалды берген кезде (сауда-саттық жүйесінің бағдарламалық жасақтамасын ауыстыру шеңберінде әзірленген) Биржа қатысушылардан осы бағдарламалық терминалды пайдалануға бергені үшін алым алуға құқылы. Мұндай алымдардың мөлшері мен оларды төлеу тәртібін Биржа Басқармасы белгілейді.

2. Қатысушыларға тыйым салынады:
 - 1) бағдарламалық терминалды бөлу және бөлшектеу;
 - 2) бағдарламалық терминалды кез келген тәсілмен және кез келген түрде үшінші тұлғаларға беру;
 - 3) осы Ережелердің 1 бабының 9 тармағында белгіленген сауда-саттық туралы ақпаратты таратуға қатысты шектеулерді бұзу.
3. Осы баптың 2 тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзғаны үшін қатысушы Биржаға АЕК³ 1.000 еселенген мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді (осындай бұзушылықтың әрбір жағдайы үшін).
4. Биржа Қатысушының сауда-саттық жүйесіндегі жұмысын уақытша тоқтата тұруға құқылы (кейіннен бұл туралы осы қатысушыны жазбаша хабардар ете отырып):
 - 1) Қатысушы қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасауға қатысты қызметтерді көрсеткені үшін Биржаның алымдарын төлеу шарттарын бұзған жағдайда;
 - 2) Қатысушы осы баптың 2 тармағында белгіленген тыйымдардың кез келгенін бұзған кезде;
 - 3) Қатысушы осы Ережелердің 2 бабы 1 тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды бұзған кезде;
 - 4) Қатысушы осы баптың 3 тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын төлемеген кезде;
5. Қатысушының сауда-саттық жүйесімен жұмысын қайта бастауды Биржа (осы қатысушыны бұл туралы кейіннен жазбаша хабардар ете отырып) осындай Қатысушы осы баптың 2 тармағында белгіленген талаптардың бұзылуын жойғаннан кейін, сондай-ақ ол осы баптың 3 тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын төлегеннен кейін жүргізеді.
6. Биржа қатысушысының IP мекен-жайынан аномалиялық желілік белсенділік (қосылуға көптеген сұраулар, DoS-шабуыл және т. б.) анықталған жағдайда, осы жағдайдың туындауына әкеп соқтырған мән-жайларды анықтағанға дейін осы IP мекен-жайды толық бұғаттағанға дейін осы қызметті жою бойынша барлық қажетті әрекеттерді қабылдау құқығын өзіне қалдырады.

Бұл ретте Биржа қатысушының IP мекен-жайын бұғаттаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы қатысушыға оның IP мекен-жайын бұғаттау туралы тиісті жазбаша хабарлама жіберуі тиіс.
7. Осы баптың 3-6 тармақтарында көзделген санкциялардан басқа, егер осы қатысушының Осы баптың 2 тармағында белгіленген тыйым салулардың кез келгенін бұзуы, Биржаның пікірі бойынша сауда-саттық жүйесінің жұмыс қабілеттілігіне немесе Биржаның бағдарламалық терминалға және сауда-саттық туралы ақпаратына зияткерлік меншік объектілері ретінде айрықша құқықтарына елеулі қатер төндіретін болса, Биржа қатысушыны сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасауден (осы қатысушыны бұл туралы кейіннен жазбаша хабардар ете отырып) шеттетуге құқылы.
8. Сауда-саттық жүйесінің және терминалдардың жұмысындағы іркілістер (істен шығулар, қателер немесе кідірістер) кезіндегі жағдайларды реттеу тәртібі Биржаның сауда-саттық жүйесінің жұмысындағы техникалық іркілістер кезінде мәселелерді шешу қағидаларында белгіленген.

³ Зейнетақыларды, жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш, оның мәні тиісті жылдарға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

4 бап. Қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасауға қатысты қызметтерді көрсеткені үшін Биржаның алымдары

1. Қатысушылар Мүшелік жарналар мен биржалық алымдар туралы ережелерге сәйкес қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасауға қатысты қызметтерді көрсеткені үшін Биржаның алымдарын төлейді.
2. Қатысушы қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасаудан уақытша немесе біржола бас тартуға құқылы, осы Қатысушы қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмысты уақытша тоқтата тұруды (біржола тоқтатуды) қалайтын ай басталғанға дейін Биржа осындай бас тарту туралы осы Қатысушының жазбаша хабарламасын алған жағдайда, осы қатысушыны Биржаның сауда-саттық жүйесіне қашықтықтан кіруді ұсыну бойынша қызметтер көрсеткені үшін Биржаның алымдарын төлеуден соған мөлшерлес босатуға құқылы.
3. Қатысушы қашықтықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс уақытша тоқтатыла тұрған (біржола тоқтатылған) айдан бастап Биржаның сауда-саттық жүйесіне қашықтықтан кіруді ұсынуы бойынша қызметтер көрсеткені үшін Биржаның алымдарын төлеуден босатылады.

Сауда-саттық жүйесімен қашықтан
кіру тәртіптемесінде жұмыс жасау
ережелеріне

қосымша

[фирмалық бланкіде]

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

ӨТІНІШ

Осы өтінішімізбен қашықтан кіру тәртіптемесінде Сіздердің сауда-саттық жүйелеріңізбен жұмыс жасауға өз ниетімізді білдіреміз [көрсету]

- сауда-саттыққа қатысушы ретінде
- бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысы ретінде (*осы абзац Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*)
- бақылаушы ұйым

оған қосылу тәсілі [белгілеу]

- қашықтан қол жеткізу желісі провайдерін тартпай тікелей қосылу бойынша (бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган үшін ғана)
- қашықтан кіру желісінің провайдері арқылы тікелей қосылу арқылы
- Интернет желісі бойынша интернет-провайдер арқылы

Біз сауда жүйесінің [санын көрсету] терминалын/терминалдарын пайдаланғымыз келеді, олар [көрсету] мекен-жайында болады.

Сауда-саттық жүйесімен қашықтықтан кіру тәртіптемесінде жұмыс жасау ережелерімен танысқанымызды, олармен келісетінімізді және олардың шарттарын сақтауға міндеттенетінімізді мәлімдейміз. Біз берген міндеттеме, сондай-ақ осындай өзгерістер мен толықтырулар аталған Ережелердің 1 бабының 11 тармағына сәйкес біздің назарымызға жеткізілген жағдайда, аталған Ережелерге енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың талаптарын сақтау міндеттемесін де қамтиды.

Осы өтініште қамтылған міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілікті өзімізге аламыз. Бұл жауапкершілік, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген Ережелердің нормаларын бұза (сақтамай) отырып, Сіздердің сауда-саттық жүйелеріңізбен біздің атымыздан қашықтан кіру тәртіптемесінде жұмыс жасайтын біздің қызметкерлеріміздің және клиенттеріміздің (клиенттердің жұмыскерлерінің) әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін және осындай әрекеттердің (осындай әрекетсіздіктің) салдары үшін жауапкершілікті қамтиды.

[лауазымы]

[қолы]

[аты-жөні, тегі]⁴

[лауазымы]

[қолы]

[аты-жөні, тегі]⁵

⁴ Қатысушының (қатысушы болуға үміткердің) атынан бірінші қол қою құқығы бар тұлға лауазымының атауы, қолы, тегі және аты-жөні..

⁵ Қатысушының (қатысушы болуға үміткердің) атынан екінші қол қою құқығы бар тұлға лауазымының атауы, қолы, тегі және аты-жөні.